

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар шоты

Жариялау күні: 27.08.2026

Келесі жариялау күні: 27.08.2027

1. Түйінді тұстар
2. Негізгі нәтижелер
3. Глоссарий
4. Әдіснамалық түсіндірмелер
5. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар

813,3 млрд. теңге

2025 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар

94,5%

қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындардағы өнеркәсіптің үлесі

46,3%

оршаған ортаны қорғауға жұмсалған инвестициялар үлесі


2. Негізгі нәтижелер

Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар шоты қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шығыстардың көлемі мен құрылымын бағалауға, сондай-ақ оларды экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлуді қарастыруға мүмкіндік беретін статистикалық құрал болып табылады. Бұл шоттар экологиялық шығындардың негізгі көлемін қай салалар құрайтынын және шығындардың ең көп бөлігі қай бағыттарға тиесілі екенін көруге мүмкіндік береді.

2025 жылы Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар 813,3 млрд теңгені құрады, оның ішінде ағымдағы шығындар – 436,7 млрд теңге, инвестициялар – 376,6 млрд теңге.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындардың динамикасы

млрд. теңге




Экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы шығындар құрылымында ең үлкен үлес өнеркәсіп саласына 94,5% (768,9 млрд.теңге) келеді. Оның ішінде: электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтау – 280,7 млрд.теңге, өңдеу өнеркәсібі – 269,1 млрд. теңге, тау – кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 178,5 млрд. теңге.

2025 жылға арналған экономикалық қызмет түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар

мың теңге			
Экономикалық қызмет түрлері	Жалпы шығындар	Соның ішінде:	
		ағымдағы шығындар	инвестициялар
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	2 813 545	1 047 465	1 766 080
Өнеркәсіп	768 948 413	408 999 386	359 949 027
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	178 471 486	161 045 861	17 425 625
Өңдеу өнеркәсібі	269 096 742	174 249 620	94 847 122
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	280 709 492	34 076 223	246 633 269
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	40 670 693	39 627 682	1 043 011
Құрылыс	5 088 280	5 088 280	-
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	1 706 353	1 627 928	x
Көлік және жинақтау	6 275 253	6 275 253	-
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	285 084	285 084	-
Ақпарат және байланыс	112 975	112 975	-
Қаржы және сақтандыру қызметі	42 276	42 276	-
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	657 972	638 467	x
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	5 626 990	5 626 990	-
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	392 402	392 402	-
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	15 594 366	865 591	14 728 775
Білім беру	2 920 211	2 920 211	-
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	2 036 467	2 036 467	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	766 087	700 087	66 000
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	9 041	9 041	-
Барлығы	813 275 715	436 667 903	376 607 812

2025 жылға арналған табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындардың құрылымы



Динамикалық кестелер:

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар шоты

3. Глоссарий

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар – шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болдырмауға, азайтуға және жоюға бағытталған қызметті жүзеге асыруға жұмсалатын шығындар.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын ағымдағы шығындар – кәсіпорындар мен ұйымдардың іс-шараларды жүргізуге, технологиялық процестер мен өндірістердің ағымдағы жұмысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ластаушы заттардың (өнімдердің) пайда болуын болдырмау, азайту, тазарту (қайта өңдеу) және/немесе жою мақсатында әзірленген және жұмыс істеп тұрған машиналар мен жабдықтарды ұстауға және пайдалануға жұмсайтын шығындары.

Қоршаған ортаны қорғауға арналған инвестициялар – табиғатты қорғау мақсатындағы негізгі құралдарды құруға, сатып алуға, жаңғыртуға және реконструкциялауға бағытталған күрделі шығындар.

Табиғатты қорғау қызметінің түрлері – атмосфералық ауаны қорғауға, ағынды суларды тазартуға, қалдықтармен жұмыс істеуге, топырақ пен суды қорғауға, биоәртүрлілікті сақтауға, радиациялық қауіпсіздікке, ғылыми зерттеулерге және қоршаған ортаны қорғаудың басқа да бағыттарына байланысты қызмет түрлері.

4. Әдіснамалық түсіндірмелер

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар шоты есепті кезең ішінде экономикалық субъектілердің табиғатты қорғау қызметін жүзеге асыруға жұмсаған шығындарын көрсетеді.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша көрсетіледі және атмосфералық ауаны қорғау және климаттың өзгеруі проблемаларын шешу, ағынды суларды тазарту, қалдықтармен жұмыс істеу және т.б. бағыттарды қамтиды.

Табиғатты қорғау қызметінің басқа түрлеріне жаңартылатын энергия көздері, энергия үнемдейтін технологиялар және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызмет, сондай-ақ басқа табиғатты қорғау қызметінің түрлеріне жатқызылмаған табиғатты қорғау қызметінің барлық түрлері жатады.

5. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

[Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар шоты](#)
[Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау](#)
[Қазақстан Республикасының табиғи-экономикалық есепке алу жүйесі](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

Шығаруға жауапты: Ұлттық шоттар департаменті	Департамент директоры: Н.Е. Белоносова Тел. +7 7172 749717	Орындаушы: Д. Серік Тел. +7 7172 749487 E-mail: d.serik@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4-кіреберіс
---	---	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы